

Р.А Авакова* , К.Б. Сұлтанбек , А.Қ. Көксегенов 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: *Raushangul.Avakova@kaznu.edu.kz

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮРКИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада шет тілдеріндегі түркізмдер мәселесі, түркізмдердің шет тілінде қолдану барысында дыбыстардың фонетикалық өзгеріске ұшырауы қарастырылып, мысалдармен беріледі. Шет тілдеріндегі түркізмдерді зерттеу үшін негізгі дереккөздерді жинау, жүйелеу, талдау және салыстыру әдістері, тарихи-салыстырмалы, салғастыру тәсілдері қолданылады.

Әлеуметтік-лингвистикалық аспектідегі тілдік қарым-қатынастар түркітанушыларды, ғалымдарды бұрыннан бері қызықтырып келеді. Бұған себеп әлем тілдері о бастан бірнеше тілден шыққан ба, әлде бір ғана тілден шыққан ба деген сұрақ адамзат баласын бағзы заманнан бері толғандырып келеді. Ғалымдардың бір тобы әлем тілдері кезінде ортақ түбірден шықты деген пікір айтса, кейбіреулері бірнеше диалектіден пайда болған деген пікірді ұстанады. Осы мәселелердің шешімін табу үшін ең алдымен дүние жүзіндегі тілдер жан-жақты зерттелініп, дыбыстардың ерекшеліктері және сөздердің қаншалықты ұқсас екендігі ортаға қойылуы керек.

Түркі халықтарының ең алғашқы тасқа қашап жазылған мәңгі тастарына қарайтын болсақ, түркілер мен қытайлардың тығыз байланыста болғандығын көруге болады. Бұл байланыс Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі лексикалық қордан байқалады. Бұнымен қоса түркілер соғды, араб, парсы, монғол т.б. халықтармен қарым-қатынаста болып, көптеген сөздерді алған және осы тілдер де түркі сөздерін қабылдаған. Себебі екі тілдің қарым-қатынасы нәтижесінде тек қана бір тіл сөзді алып немесе беріп қана қоймайды, басқа тілге сөз бергендей басқа тілден де сөздер алады.

Түркі тілдерінің лексикалық қорында шет тіліндегі кірме сөздердің қолданылатыны белгілі. Дәл осындай кері байланыс түркізмдерге де байланысты. Яғни түркі сөздерінің басқа тілдерде де қолданылатынын тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Қазіргі түрік терминологиясында кірме сөздер үшін *alntu*, берген сөздер үшін *verinti* атаулары қолданылып келеді. Қазіргі қазақ тілінде *verinti* терминінің баламасы жоқ. Кейбір ғылыми әдебиеттерде араб және парсы және т.б. тілінен енген сөздерді кірме сөздер, ал еуропалық тілдерден енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей кірген сөздерді шетелдік сөздер деп атаған.

Түйін сөздер: түркітану, түркі тілдері, шетел сөздер, кірме сөздер, түркізмдер, тілдердің қарым-қатынасы.

R.A. Avakova*, K.B. Sultanbek, A.K. Koksegenov

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: *Raushangul.Avakova@kaznu.edu.kz

THE STUDY OF TURKISHISMS IN WORLD LANGUAGES

There is a discussion of the problem of Turkisms in foreign languages, the phonetic change of sounds in foreign languages, as well as specific examples. A comparative historical method and data comparison methods are used for studying Turkisms in foreign languages.

Turkish linguistics has interested in sociolinguistic language relations. Since ancient times, researchers have been concerned with the origin of world languages. The origin of world languages has been disputed; some scientists believe they arose through the mixing of dialects. In order to solve this problem, it is necessary to study the language itself and identify its phonetic features.

Chinese and Turkic peoples were in close contact according to the earliest rock writings. Orkhon-Yenisei written monuments reveal this. Turks often contacted with Sogdians, Arabs, Persians, Mongols and borrowed words from their languages, just as these peoples borrowed many Turkic words into their languages. As a result of close contacts between peoples, there is an interchange between their languages.

There are foreign elements in the lexical fund of the Turkic languages. The same applies to the Turkisms. Due to linguistic data, from a scientific point of view, it can be proved that Turkisms are used in foreign languages. In modern Turkish terminology, the term *alntu* is used to refer to borrowed foreign vocabulary in Turkic languages, the term *verinti* to refer to borrowed Turkic vocabulary in foreign

languages. In the modern Kazakh language there is no equivalent for the term *verinti*. According to the scientific literature, Arabicisms and Farsisms are borrowed vocabulary, while European words and terms are called foreign vocabulary due to the lack of an equivalent in the source language.

Key words: Turkic studies, Turkic languages, foreign languages, foreign words, Turkisms, language interrelations.

Р.А Авакова*, К.Б. Сұлтанбек, А.Қ. Көксеменов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: *Raushangul.Avakova@kaznu.edu.kz

ИССЛЕДОВАНИЕ ТЮРКИЗМОВ В МИРОВЫХ ЯЗЫКАХ

В статье рассматривается проблема тюркизмов в иностранных языках, фонетическое изменение звуков в иностранных языках, приводятся конкретные примеры. Для изучения тюркизмов в иностранных языках используются методы сбора, систематизации, анализа, сопоставления основных источников информации, сравнительно-исторический метод, методы сопоставления данных.

Языковые отношения в социолингвистическом аспекте издавна интересовали тюркологов. Причиной тому является вопрос о происхождении мировых языков, волнующий исследователей еще с древнейших времен. Одни ученые считают, что все мировые языки берут свои корни от одного общего предка, другие полагают, что они возникли в результате смешения между собой разных диалектов. Чтобы решить данную проблему, в первую очередь следует изучить сам язык, выявить его фонетические особенности, сходства и различия отдельных слов.

Если обратить внимание на самые ранние наскальные письмены тюркских народов, то можно заметить, что тюрки и китайцы находились в тесном контакте. Это можно проследить из лексики орхон-енисейских письменных памятников. Вдобавок, тюрки часто контактировали с согдийцами, арабами, персами, монголами и заимствовали слова из их языков, также как и эти народы позаимствовали в свои языки много тюркских слов. В результате тесных контактов между народами происходит взаимообмен между их языками.

В лексическом фонде тюркских языков имеются иностранные элементы. То же самое относится и к тюркизмам. Благодаря лингвистическим данным, с научной точки зрения можно доказать, что тюркизмы используются в иностранных языках. В современной турецкой терминологии термин *alinti* используется для обозначения заимствованной иностранной лексики в тюркских языках, термин *verinti* для обозначения позаимствованной тюркской лексики в иностранных языках. В современном казахском языке нет эквивалента термину *verinti*. Согласно научной литературе, арабизмы и фарсизмы являются заимствованной лексикой, тогда как европейские слова и термины называются иностранной лексикой в силу отсутствия эквивалента в исходном языке.

Ключевые слова: тюркология, тюркские языки, иностранные языки, иноязычные слова, тюркизмы, языковые контакты.

Кіріспе

Ауқымды географиялық кеңістікке таралған түркі тілдері – қазіргі кездегі ең ескі санаулы тілдердің бірі. Бұл тілдің осындай ауқымды географиялық кеңістікте қолданылуы, көне тарихының болуы – көптеген тілдермен қарым-қатынаста болуына алып келген. Тарихи кезеңдер мен тілдік деректерге жүгінетін болсақ, түркі тілдерінде сөйлеген халықтар адамзат тарихында үлкен рөл атқарған. Соңғы екі мың жылдық адамзат тарихының жартысынан көбінде тек қана түркі тілдерінде сөйлеген, ана тілдері түркі тілі¹ болған халықтар бар. Сол себепті түркі тілінің басқа тілдерге ықпалы, тарихи кезеңдері, әлем өркениетіне әсері туралы көптеген еңбектер жазуға болатыны сөзсіз.

¹ Мақалада түркі тілі термині қазіргі барлық түркі тілдерінің ата тілі ретінде қолданылды.

Күні бүгінге дейін түркі тілдеріндегі кірме сөздер мәселесі жан-жақты қарастырылды десек те, шет тілдеріндегі түркі сөздерінің қолданылуы, ол тілдерге ену ерекшеліктері, тюркизмдердің тілдік өзгерістерге ұшырауы толыққанды талданылған жоқ. Сондықтан да түркітану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түркі халықтарына ортақ ең көне жазба ескерткіштер VII-VIII ғасырларға тән. Бұл кезеңдегі мәтіндердің ең көлемділері Күлтегін, Тоныкөк және Білге қаған туралы тасқа қашалған мәңгі жазбалар болып есептеледі.

Қазақстанда шет тілдеріндегі тюркизмдер мәселесі бойынша біршама зерттеулер бар. Олардың көбі славян тілдеріндегі тюркизмдерге байланысты. Араб, парсы, хинди және басқа да тілдердегі тюркизмдер де зерттеу нысаны болған.

Қытай, жапон, батыс тілдеріндегі түркізмдер мәселесі болса, жан-жақты лингвистикалық талдауды қажет етеді.

Адамзат қоғамының өмір сүру салты мен білімінің нәтижесінде пайда болған мәдениет – әрбір халықтың өзіндік ерекшелігімен байып отыратыны сияқты, халықтардың қарым-қатынасы нәтижесінде де мәдениет элементтерінің алмасуы арқылы дамып, байып отырады. Халықаралық қатынастар сауда, соғыс, білім, дін, әдебиет, сәулет, музыка, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда орын алады және білім мен мәдениет, руханият атрибуттарын дамытуға септігін тигізеді. Аталмыш өзгерістер мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылатын тілде де көрініс тауып, оның дамуы мен өзгеруіне алып келеді.

Қоғамның тілі оның өмір сүру салтымен тығыз байланысты екендігі белгілі. Бір халықтың өмір сүріп келе жатқан географиясы, өндіріс-тұтыну қатынастары, климаты, көрші халықтармен болған қарым-қатынасы тіл құрылымында терең із қалдырады. Кез келген қоғам тілінің сөздік құрамы тек қана өз халқының тілімен емес, басқа да тілдің сөздерінің енуімен толығып, көбейіп отырады. Адамзат қоғамында кез келген өз ана тілінде сөйлейтін халық, басқа халықтармен қарым-қатынас жасамай, ерекшеленіп өздігінен бөлек өмір сүруі мүмкін емес. Бұл әрекеттестік әртүрлі салаларда және уақыт өткен сайын, тілге әсері неғұрлым кең және тұрақты болады. Тілдік қарым-қатынастың тіл білімінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларында іздері байқалады. Бұл байланысты тілдік қарым-қатынас ұғымымен түсіндіруге болады.

Мың жылдық тарихы бар түркі халықтары көптеген халықтармен түрлі қарым-қатынаста болған. Бұл қарым-қатынастың жалғасын бүгінгі таңда да байқауға болады. Қазір әлем бойынша әр түрлі географиялық аймақтарда өмір сүріп келе жатқан түркі халықтарының 300 миллионға жуықтағанын айтуға әбден болады. Осындай ұлан ғасыр аймақтарда өмір сүріп келе жатқан түркі халықтарының басқа елдермен байланысының тығыз екендігін көреміз.

Тілдердің өзара қарым-қатынасы психологиялық, лингвистикалық, этнарихи, экономикалық және тағы басқа себептермен тығыз байланысты. Тарихи кезеңдерге назар аударатын болсақ, алып мемлекеттер өздері басып алған жергілікті халықтың тілін, тілімен байланысты мәдениетін, тарихын жойып тастап, жермен жексен қылу мүмкіндігі болған. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі үдерістер мүлдем өзге-

ше. Қай елдің техникасы, технологиясы, экономикасы дамыған болса, сол елдің тілі басымдылық (құдіретке) қасиетке ие болады. Басым болған тілдің лексикалық қоры басқа тілдерге әсер етпей қоймайтынын қазіргі тілдегі өзгерістер дәлелдеп отыр. Өкінішке орай бүгінгі таңда бір тілдің лексикалық қорына басқа тілден сөз тек қана соғыс немесе бір жерді жаулап алу арқылы ғана емес, экономиканың техниканың, ғылымның дамуымен-ақ әсер ете алады.

Зерттеу материалы және әдістері

Шет тілдеріндегі түркізмдерді зерттеу және тілдердің қарым-қатынасы нәтижесінде болған дыбыстық өзгерістерді анықтау үшін негізгі дереккөздерді жинау, жүйелеу, талдау және салыстыру әдістері, тарихи-салыстырмалы, салғастыру тәсілі қолданылды. Салыстырмалы – тарихи әдіс, түбі бір түркі тілінен тарайтын қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу, даму тарихын, қазіргі жай-күйін, олардың ортақ түп-тамырын анықтауда маңызы зор тарихи лингвистиканың негізгі әдістерінің бірі.

Салыстырмалы-тарихи және тарихи этимологиялық әдістер түркі дүниесінің тілдік бейнесі мен түркітану саласының ғылыми концепциясын анықтауға мүмкіндік бере отырып, дыбыстардың фонетикалық өзгерістерін анықтауда маңызды рөл ойнайды. Сондықтан дыбыстардың өзгеруі осы әдістің қолданылуы арқылы анықталды. Көне түркі тілінен бері қолданылып келе жатқан сөздер мысал ретінде беріліп, дыбыстардың өзгеруі көрсетілді.

Когнитивті әдіс – мақалада түркі тілдерінде қолданылатын дауысты және дауыссыз дыбыстардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері туралы ақпарат алу үшін, көне түркі тіліндегі сөздердің қазіргі түркі тілдерінде қолданылуын анықтау үшін керек. Осындай ғылыми-теориялық әдістерді қолдану арқылы түркітану саласының қозғалып отырған осы мәселесі бұл саланың қалыптасуын, дамуы мен тарихын, әлем тілдеріндегі түркі сөздерінің қолданылу барысын зерттеуде негізгі алғышарттары болып табылады.

Әдебиетке шолу

Шет тіліндегі түркізмдерге байланысты алғашқы зерттеулер шетелдік ғалымдарға тиесілі. Мысалы, орыс тіліндегі түркізмдерге байланысты алғашқы зерттеу XVIII ғасырдың

екінші жартысында басталды. Орыс тіліне ертеден еніп, сіңісіп кеткен түркі сөздері қазіргі орыс тілінің ішкі заңдылықтарына толық бағынып, соған сәйкес фонетикалық, грамматикалық өзгерістерге ұшырап отырған. Сонымен қатар мұндай түркі сөздері семантикалық, яғни мағыналық жағынан да өзгеріске ұшырағаны көрінеді.

Әлем тілдеріндегі түркизмдерді зерттеу бағысында түрік тілінде өте ауықымды еңбектердің бірі Гүнай Караағачтың “Türkçe Verintiler Sözlüğü” атты еңбегі (Караағач, 2008), қазақ тілінде жазылған мақалалар (Китманова, 2014; Паразбекова, 2014) орыс тілінде жазылған біршама мақалалар (Биккинин, 1991; Гирфанова; Добродомов, 1981; Каиржанов, 2020;), өзбек тілінде жазылған еңбектер (Мирзаев – Михайличенко, 2016) қолданылып, мысалдар берілді.

Гүнай Караағач өз еңбегінде түркі тілдерінің шет тілдерімен қарым-қатынасын жазып, сөздік шығарған. Бұл сөздікте шет тілдеріндегі түркизмдер берілген. Мақала жазу бағысында қолданылған еңбектерде түркизмдердің қолданылу ерекшеліктері, шет тілдеріндегі түркі сөздерінің сол тілге енген уақыты, саны, мағыналарының өзгеріп қолданылуы туралы мәліметтер берілген.

Түркі сөздерінің әлем тілдерінде кездесетіндігі жайлы қазақ тілінде жарияланған маңызды еңбектердің бірі Р.А. Авакованың “Контактология: Түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке ықпалы” деп аталады. Аталмыш еңбекте түркі тілдерінің әлемдік (еуропалық және шығыс) тілдерге әсері жан-жақты талданған (Авакова, 2020).

Қазақ тіліндегі шетел сөздерінің зерттелу тарихы, семантикалық табиғаты және т.б. мәліметтер берілген А.Т. Исламованың монографиясында қазақ тіл білімінде алғаш рет мектеп оқулықтарында кездесетін шетел сөздерге лингвистикалық талдау жасалып, кірме сөздер мен шетел сөздер туралы ауқымды зерттеу жасалынған. Мысалы, қазақ тілі оқулықтарында кездесетін *лексика, архаизм сөздер, грамматика, диалектизм* және т.б. терминдерді көрсетіп, анықтама беріп отырған (Исламова, 2019: 92-93).

Нәтижелер мен талқылау

Түркі тілдерінің қытай тілімен қатынасы

Түркі тілдері өзге тілдер сияқты айнала-сындағы басқа да тілдермен қарым-қатынаста болған. Көне түркі жазба ескерткіштеріне қарайтын болсақ, ең алғаш қытай халқымен /

тілімен қатынасын айтуға болады. Күлтегін ескерткіштерінде қытайларға қатысты мынадай мәлімет берілген: “...*Çin milletinin sözü tatlı, ipek kumaşı yumuşak imiş. Tatlı sözle, yumuşak ipek kumaşla aldatıp, uzak milleti öylece yaklaştırmış. Yaklaştırap, konduktan sonra, kötü şeyleri o zaman düşünürmüş. İyi bilgili insanı, iyi cesur insanı yürütmezmiş. Bir insan yanılrsa, kabilesi, milleti, akrabasına kadar barındırmazmış. Tatlı sözüne, yumuşak ipek kumaşına aldanıp çok çok, Türk milleti, öldün; Türk milleti öleceksin !...*” [BK G 5-6] (Ergin, 2003: 13). Яғни қытайлардың ерекшеліктері туралы мәлімет бере отырып, сол кездегі түркі халықтарының досы мен дұшпанын да атап өткен. “...*Tabgaç kagan yağıımız erti. On ok kaganı yağıımız erti. Art[ukı Kırkız] küç[lüg kagan yağıımız] boldı...*” (...Қытай қағаны / елі дұшпанымыз еді. Он Оқ қағаны дұшпанымыз еді. Бұнымен қоса Қырғыздың күшті қағаны да дұшпанымыз болды [BT D 2-3]. Көне түркі кезеңінде VII ғасырда жазылып кеткен мәтіндерден де тек тілдік қарым-қатынасты емес, сол кезеңдегі түркі халықтарының досы мен дұшпанын да айқын көруге болады.

Қытай тіліндегі түркизмдер туралы сөз қозғаудың өзі оңай нәрсе емес. Себебі түрік тілінің ең көне кезеңдерімен қоса қытай тілін меңгерген ғалымдардың аз екені белгілі. Кейбір ғалымдар қытай тілін жетік білмесе де, этимология жасау кезінде кейбір сөздердің түп-төркінін қытайша деп келтіру кейбір ғалымдарымызға тән. Лингвистикалық талдауда ғылыми қателіктерге жол бермеу үшін сөздің түп-төркінін анықтауда дыбыстардың өзгеру заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу керек.

Қытай тілі мен түркі тілдерінің қарым-қатынасы VIII ғасырдан бастау алады. Бұл туралы түркі халықтарына ортақ ең көне ескерткіштерде мәлімет берілген. Одан бұрын да болуы мүмкін, бірақ қолымызда дәлелдейтін жазба мұралар жоқ. «Қазіргі қытай тілінің сөздігі» атты соңғы жылдары жарияланған кітапта өте қызықты мәліметтер бар. Ұйғыр зерттеушісі Алимжан Инайет қытай тіліндегі 307 түркі сөзі бар екендігін анықтаған. Алимжан Инайет өзінің “Қытай тіліне тура және жанама түрде өткен түркі сөздері туралы” атты мақаласында Хұн тілінен қытай тіліне өткен түркі сөздері, түрікшеден қытайшаға өткен түркі сөздері, ұйғыршадан қытайшаға өткен түркі сөздері, қазақшадан қытайшаға өткен түркі сөздері, қыр-

ғызшадан қытайшаға өткен түркі сөздері, өзбекшеден қытайшаға өткен түркі сөздері, татаршадан қытайшаға өткен түркі сөздері деп тараушаларға бөліп қарастырған. Қытайшадағы кірме сөздер сөздігінде 20 қазақша сөз берілген. Мысалы: 吐麻克 *tümákè* < Kaz. Uyg. *tumak*, HWC., s. 347; 冬不拉 *dòngbùlā* < Kaz. *dombra*, HWC., s. 83 (Инайет, 2006: 81-102).

Қытайлардан кейінгі ең көне көршілеріміздің бірі – парсылар. Сасанилерден бастап ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін Иранның әрдайым бір түрік мемлекеті тарапынан басқарылғанын және қазіргі мемлекеттің шекаралары ішінде өмір сүріп келе жатқан халықтың 50 пайыздан астамының түрік екенін ескерсек, осы қарым-қатынастың әрі өте көне өте маңызды екенін айтуға болады. А. Дилберипұрдың «Парсы-түрік ортақ сөздер лұғаты» атты еңбегінде 7000 сөздің екі тілге ортақ екендігі көрсетілген (Dilberipur, 1995).

Түркі тілдерінің орыс тілімен қатынасы

Орыс тілінің құрамындағы түркі сөздерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің саны аз емес. Орыс тіліндегі түркізмдерді зерттеу мәселесі ХVIII ғасырдан бастау алады. Ең алғашқыларының бірі ретінде 1769 жылы Василий Тузовтың «Поденщина» атты сатиралық журналында жарияланған шығыс сөздеріне ұқсас орыс сөздерінің тізімін жатқызуға болады. Онда В. Тузов *сандық, бөрік, қамыс* сөздерін мысалға келтіреді (Китманова, 2014: 295).

Ағылшын тіліндегі түркізмдер мәселесі бойынша Гатенбидің еңбектерінің ауқымды екені көрініп тұр. Ағылшын тілінде 247 түркізм түзілген және оның тізімі көрсетілген еңбекте сөздер алфавит тәртібімен берілген. Сонымен қатар қай жылы қолданыла бастағаны туралы мәліметтер де көрсетілген. Мысалы, *хан* сөзінің 1400 жылы енгені туралы мәлімет берілген (Gatenby, 1954: 88-144).

Түркілердің қытай, араб, парсы халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болғаны тарихтан белгілі. Түркі халықтарының орыстармен және басқа славян халықтарымен байланысын да терең деуге болады. Орыс тіліндегі түркізмдер туралы да көптеген еңбектер бар. Қаратеніздің солтүстік жағындағы оғыз тайпалары тарихы – түрік-итальян, түрік-албан, түрік-грек халықтарының қарым-қатынасы тарихымен тікелей байланысты. Оғыз тайпаларының Анадолы жеріне көшпей тұрған кезден бұрын бұрын кей-

бір түркі тайпаларының Қаратеніздің солтүстік жағында мемлекет құрғандығын да ұмытпағанымыз жөн. Дұрду Кұндакчының “Италяншадан түрікшеге және түрікшеден италяншаға өткен сөздер” атты докторлық диссертациясында 146 түрік сөзінің талданылуы осыған дәлел.

«Түріктің әсері Қытайдан бастау алады, Балкан елдері, Таяу Шығыс және Еуропаға дейін барады. Түріктерсіз дүниежүзі тарихын жазуға болмайды» – деп Түркияның атақты тарихшы ғалымы И. Ортайлы атап көрсеткен. (<https://twitter.com/ilberortayligsu/status/715257706450391042>, Mar 30, 2016). Түркі халқы өте кең географиялық кеңістікте өмір сүреді. Соның нәтижесінде көптеген халықтармен шекаралас болып қана қоймай олармен қазіргі кезде саяси экономикалық, мәдени және тілдік байланыста. Сөз мағыналарының кенеюі мен тарылуын ескеретін болсақ, бөтен тілден енген сөздердің мағынасы да осы заңдылыққа бағынады. Түркі тілінен еуропа тілдеріне енген сөздерінің мағынасы бір жерде кеңейсе бір жерде тарылған. Тағы айта кететін қызық жайт кірме сөзге сол тілдің әуезділік гармониясы да әсер етеді екен. Өз тілімізден мысал беретін болсақ, көне түркі тіліндегі *адак* сөзі қазақ тілінде *аяқ* болып өзгерді. Дәл сол секілді басқа тілдерде де осындай дыбыстық өзгерістер болғаны анық. Түрік тілінде бар дыбыстар басқа енген тілде болмауы мүмкін, сол себепті кірме сөздер ана тілдің табиғатына қарай бейімделіп отыратыны белгілі.

Түрік тілінен басқа шет тілдеріне тек лексикалық бірлік емес, сонымен қатар грамматикалық бірліктердің, тұрақты тіркестердің де өткенін тілдік фактілер дәлелдейді. Мысалы, *-шы* жұрнағы румын тілінде *гиу, жиу* түрінде кездеседі. Зат есімнен кәсіби мамандықты білдіретін өнімді *-шы, -ші* жұрнағы румын тілінде *-гиу, -жиу* түрінде кездеседі. Қазақ тілінде *баяушы* румын тілінде *баягиу*; қазақ тілінде *аңшы* сөзі румын тілінде *авгиу*, түрік тілінде *halvacı халвагиу* «халважы» және т.б.

Бір тілден басқа бір тілге сөздер және де грамматикалық бірліктер өткен кезде дыбыстардың өзгеруіне тағы да мынадай мысалдарды келтіруге болады:

Семенова Е.А. “Роль и место тюркских заимствований в истории румынского языка” атты мақаласында түркі сөздері берілген, екі мысал беріліп отыр.

1-кесте Гирфанова А.Х. “Источники изучения тюркских заимствований в албанском языке” атты мақаласында түркізмдер берілген, екі мысал беріліп отыр.

Румынский	Русский перевод	Турецкий	Русский перевод
Iatak	Спальня	Yatak	Кровать
Parmac	Верстовой столб	Parmak	Палец

2-кесте

Албанский	Русский переод	Турецкий	Казахский	Русский перевод
Burylti	Указ	Buyurultu	Бұйрық	Письменный приказ
Aksham	Вечер	Akşam	Ақшам	Вечер

Еуропа тілдеріндегі түркі сөздерінің қолданылуы өрісі туралы зерттелінетін мәселелер әлі де аз емес. Кейбір түркізм деп жүрген түркі сөздері басқа тілге тән болып шыға келуі мүмкін. Кейде жанама жол арқылы басқа тілге өткен түркізмдер түбінде шет тілінің лексикалық қорына жататыны дәлелденіп жатады. Сол себепті түркізмдерді зерттеу нағыз түркітанушы мамандардың еншісіне тиесілі. Түркітанушы ғалымдар түркі сөздерін анықтау барысында мынадай ерекшеліктерге көңіл аударуы қажет:

1. Түркітанушы ғалым түркі тілдерінің фонетикалық заңдылықтарын жан жақты білгені жөн. Себебі түркі тілдерінің лексикалық құрамында кейбір дыбыстар кездеспейді, кейбір дыбыстармен сөздер басталмайды. Сондықтан да сөздің құрамында түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейтін дыбыстар кездесетін болса, олар кірме дыбыстар немесе ол дыбыстар енген тілдің фонетикалық жүйесіне бейімделген дыбыстар. Мысал ретінде /в/ дыбысын айтайық. Көне түркі ескерткіштерінде /в/ дыбысы кездеспейді. Ал қазіргі түркі тілдерінде бұл дыбыс қолданылады. Қазақ тілінде сөздің басында кездесетін /в/ дыбысымен басталатын сөздер шетел яки кірме сөз саналады. Ал түрік тілінде *var*, *var-*, *ver-* сөздері /б/ дыбысының өзгеруі нәтижесінде ортаға шыққан, жазба тілде кездесетін /в/ дыбысымен басталатын сөздердің бәрі кірме (alıntı) сөздердің қатарында. Әлбетте басқа да дыбыстардың өзгеруінен пайда болған /в/ дыбысы кездесуі әбден мүмкін.

2. Түркі тілдерінде екі дауыссыз дыбыс қатар келмейді. Мысалы, *Тбилиси*, *станция*, *поезд* т.б.

3. Түркі фонетикасындағы дыбыстардың ерекшеліктерін жақсы білу керек. Мысалы, көне түркі тіліндегі /д/ дыбысының /й/; /ғ/ дыбысының

/к/, /т/ т.б. өзгерістерді айтуға болады. Бұндай ерекшеліктер мен өзгерістер туыстас түркі тілдерінің ішінде де кездеседі. Мысалы, көне түркі тіліндегі *құдығ*, *адығ* сөзі қазіргі кездегі түркі тілдерінде әр түрлі вариантта кездеседі. Қыпшақ тобына жататын қазақ тілінде *құдық*, *аю*; қарлұқ тобына жататын өзбек тілінде *қудуқ*, *айиқ*; оғыз тобына жататын түрік тілінде *куйу*, *айы* және т.б. Осы көрсетілген мысалдардан-ақ бір дыбыстың қалай өзгере алатындығын байқауға болады. Көне түркі тіліндегі /ғ/ дыбысының өзі көрсетілген мысалдан көрініп тұрғандай негізінде /қ/, /т/, /б/... дыбыстарға ауысып кеткен.

4. Түркі тілдерімен тілдік қарым-қатынаста болған халықтардың лексикасындағы түркізмдерді зерттеген кезде фонетикалық, морфологиялық, семантикалық жағынан да өзгерістердің болып болмағандығын анықтау қажет. Шет тіліндегі түркізмдерді зерттеу еңбектерінде кейде біржақтылық байқалады. Олардың көбі бір ғана лексикографиялық деректің негізінде қорытынды шығаруға тырысады. Бұл әрине этимология үшін аз дерек. Тілдің шығу тегін зерттеу бірнеше лексикографиялық еңбектер мен көне түркі ескерткіштерін қатар алып жүргенде ғана ақиқатқа қол жеткізуі мүмкін.

5. Әлем тілдеріндегі түркі сөздерін зерттеу арқылы өз сөздеріміздің түп-тамырын, этимологиясын да түпкілікті зерттеуге мүмкіндік туады. Осы айтылған пікір бойынша түркі тілдеріне ортақ сөзді мысал келтіруге болады. Әбдуәли Қайдар өз еңбегінде (Қайдар, 2014) көне түркі тілінен бері кездесетін *adgir* (қазіргі кезде айғыр) сөзінің көне түркі тілінде қолданылуын, ортағасырда қолданылған варианттарын көрсете келе мынадай этимология жасаған: “Қ.Жұбановтың зерттеулері бойынша, айғыр сөзі ай (ат) деген

негізгі түбірге «еркек» деген мағына беретін көне түркі жұрнағын (-қыр) жалғау арқылы жасалынған: ай+қыр – айғыр [салыстырыңыз: кой (қой) – қош+ақан, қош+қар т.т. Айғыр сөзінің ай – деген етістік түбірінен жасалған болу керек деген Е.И.Убрятованың пікірін А.М.Щербак та қолдайды. Негізгі түбір ай – етістігі ертеден бері қолданылып, «айт», «сөйле», «де» деген мағына береді. Айғыр өз үйірін әдетте азынап кісінеу арқылы ықтырып, оқырына жүріп басқарады. Осындай дыбыс шығаратын ат (жылқы) деген мағынада ай сөзінен айғыр тұлғасының жасалуы да мүмкін. А.М.Щербак өз мақаласында айғыр сөзін: «Айғыр «жеребег», ср. монғ. азрага (монғол. письм. ајгуа); маньч. ачжирган; тунг. хусэ мо- 189 рин, адирга, мурон корбэн. Азерб., алт., башк., казах., кирг., к.-карак., кумык., ног., тат., турк., узб., уйғ. айғыр; балк. азир; гаг. хаіғыр; тув. аскір; хак. ахсір (ахсір); чув. аяр; якут. атір. «Түркілердің бұл саладағы жетістігі басқа ұлттар тарапынан да қолдау көрген, жылқыға байланысты терминдер деректер басқа ұлттардың тіліне ауысқан. Түрікше айғыр термині, монғол тіліне ажирга, Батыс Сібірде өмір сүретін ханти мен мансилерге айгар, кет пен ариндерге аскір түрінде өткен?» (Қайдар, 2014: 188-189). Этимология саласы өте ерекше әрі қызықты бір жағынан қиын бір сала. Бұл салада 2015 жылында Мұстафа Уғурлу тарапынан жарияланған *Kelimelerde Oluşturma Yönü* (The Word Creating Aspect/Сөз жасаудың аспекті) атты мақаласында этимологиялық зерттеулер туралы айта келе сөздердің этимологиясын анықтауда қандай ерекшеліктерге мән беру керектігін көрсеткен. Сөздің этимологиясын анықтауда сөздің фонетикасын, морфологиясын, көне және қазіргі түркі тілдеріндегі формасын анықтап негізгі түбіріне жету үшін сол халықтың ойлау ерекшелігін, сөздерді қалай ойлап тапқанын сол халықтың ойлау ерекшелігіне қарай анықтауға болатынын айтып өткен (Уғурлу, 2015: 367-371). Осы айтылғандарды ескере отырып, *айғыр* сөзінің мағынасына келетін болсақ, *ай-* етістігінің сөйлеу деген мағынасы бар. Бірақ *ай-* етістігі тағы да *бөлу / айыру* деген мағынада қолданылады. Екеуі екі етістік те болуы ықтимал. *Айғыр* сөзіндегі *ай-* етістігінің не үшін *бөлу / айыру* мағынасында екен дейтін болсақ, себебі айғыр өз үйіріндегі биелерін басқа үйірден бөледі / айырады. Өз үйіріндегі биесін басқа үйіргі қоспайды және басқа үйірден еркек тай немесе айғыр келетін болса оны да өз үйіріне қоспайды яғни айырып шығарады. Сол себепті де *айғыр*

сөзінің түбірі *ай-* екені сөзсіз. Мағынасы сөйлеу емес, *бөлу / айыру*. Түркізмдер анықталатын кезде тек грамматикалық жағынан емес осы аталған жақтардан да зерттелінуі керек.

б. Түркі сөздерінің ара жігін ажырату. Шет тіліндегі түркізмдер туралы жазылған еңбектерге қарайтын болсақ, кейбір сөздердің түркі тіліне тән болмаса да түркізм ретінде көрсетілгенін көруге болады. Яғни араб, парсы және басқа да тілдерге тән болған сөзді түркізм ретінде көрсетіп келген. Осы мәселені де қарастыруымыз керек. Орыс, румын, албан және тағы басқа тілдерге енген сөздерді кездесетін бұл мәселені қарастырған кезде жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерге мән берген жөн. Сөздердің түркізм немесе еместігін ажырату үшін түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және басқа да ерекшеліктерін жан-жақты білген жөн. Бұл ерекшеліктер болмаса, онда ол түркі сөзі емес, түркі тілдері бұл сөздің шет тіліне енуінде бір көпір қызметін атқарған деген сөз. Яғни араб, парсы және басқа тілдерден енген сөздер алдымен түркі тілдеріне одан кейін сол түркі тілі арқылы орыс, албан, румын т.б. тілдерге енген. Жалпы шет тілдеріндегі түркі сөздерінің сөздігі жасалынатын кезде бұл сөздердің де яғни шет тіліне басқа тілден сөздер өтетін кезде көпір ретінде болған түркі тілдерінің сөздері бір бөлім ретінде берілуі керек.

Қорытынды мен тұжырымдар

Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі шетел және кірме сөздердің зерттелу жағының басым екендігін, әлем тілдеріндегі түркі сөздері туралы еңбектердің әлі де зерттеу керектігін айта аламыз. Соның бір дәлелі ретінде жоғарыда айтып өткендей шет тілінен кірген сөздер үшін арнайы *кірме сөздер* деген терминнің қолданылуы болса, шет тіліне қазақ, татар, ұйғыр, түрік және т.б. түркі тілдерінен өткен түркі сөздері үшін арнайы терминнің болмауын көрсете аламыз. Түрік тілінде шет тіліне берген сөздерге *verinti* термині, түрік тіліне шет тілдерінен енген сөздер үшін *alinti* термині қолданылып келеді. Дәл осындай терминнің қазақ тілінде де баламасы болуы керек деген пікірдеміз.

Анадолыдағы түріктердің шет тілдеріндегі түркізмдер бойынша зерттеулерінің нәтижесінде көлемді еңбектер / кітаптар жарияланып, қазіргі күнде қолданылып келеді. Осындай зерттеулер нәтижесінде тек түрік тілінде ғана емес қазақ, өзбек, ұйғыр және т.б. түркі тілдерінің сөздіктері

жасалынып, осылардың нәтижесінде ортақ түркі тілдерінің әлім тілдеріне берген түркі сөздері атты көлемді еңбек жариялануы керек. Бұл арқылы да түркі елі әлемдік өркениетке ықпал ете алады.

Әлем тілдеріндегі түркі сөздерін зерттеу арқылы қазақ тілінің соның ішінде жалпы түркі тілдерінің тарихын, мәдениетін, басқа халықтармен қарым-қатынасын: одақтастары, сыртқы жаулары туралы саяси экстрлингвистикалық мәліметтерді байқаймыз. Осындай зерттеулердің нәтижесінде жазба мұраларымыз негізінде түркілер мен қытайлардың тығыз байланыста әрі өте ескі болғандығын көруге болады. Бұл байланысты жоғарыда айтып өткеніміздей Орхон-Енисей жазба мұраларының лексикалық қорынан көре аламыз. Бұған қоса түркілер соғ-

ды, араб, парсы, монғол т.б. халықтармен қарым-қатынаста болып, көптеген сөздерді өз тіліне алған және осы тілдер де өз тілдеріне түркі сөздерін қабылдаған. Себебі екі тілдің қарым-қатынасы нәтижесінде тек қана бір тіл сөзді алып немесе беріп қана қоймайды, басқа тілге сөз бергендей басқа тілден де сөздер алып, сөздік қорын байытып отырады.

Қазақ тіліне шет тілдерінен енген сөздердің кейбіреулері сол тілдегі мағынасын сақтап қалған кейбіреулерінің мағыналары өзгерген. Осындай ерекшелік шет тілдеріндегі түркі сөздерінде де кездеседі. Түркізмдердің түпкі мағыналарының сақталып сақталмағандығы шет тіліндегі түркі сөздері толықтай зерттелген кезде нақтылана түседі.

Әдебиеттер

- Авакова Р.А. (2020) Контактология: түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке ықпалы. – Алматы: Қазақ университеті баспасы.
- Байманова Л.С., Жумабекова Ш. Д. (2017) Иностранные заимствования в лексике английского и немецкого языков (на материале тюркских лексических элементов). // Гуманитарный научный вестник. №4. С. 18-25.
- Биккинин И.Д. (1991) Тюркизмы в английском языке. Вестник Мордовского университета. № 4.
- Гирфанова А. Х. Источники изучения тюркских заимствований в албанском языке. 37-50
- Gatenby E.V. (1954) Material for a study of Turkish Words in English. A.Ü. Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi.
- Dilperipur A. (1995) Türkçe-Farsça Ortak Kelimeler Sözlüğü, Ankara.
- Добродомов И.Г. (1981) Из истории изучения тюркизмов русского языка. Москва: издательство “Наука”.
- İnayet, A. (2006) Doğrudan ve Dolaylı olarak Çinceye Geçen Türkçe Kelimeler Üzerine [Studies On Turkish Words Passing Directly Or Indirectly Into The Chinese]. Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies, Cilt: VI, Sayı 1, Sayfa: 81-99.
- Ergin, M. (2003) Orhun Abideleri. Hisar Kültür Gönülleri.
- Исламова А.Т. (2019) Қазақ тіліндегі шетел сөздер: теория және практика. – Алматы: Полилингва баспасы.
- Каиржанов А. (2020) Тюркизмы в русских островных говорах и этнические тамги. ISSN 2664-5157. Turkic Studies Journal. Number 1. Volume 2. 41-52.
- Karaağaç G. (2008) Türkçe verimtiler sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
- Китманова М.З. (2014) Орыс тіліндегі түркізмдердің лексика-семантикалық жағынан игерілуі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 4-5. 150-151.
- Қайдар, Ә. (2014) Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар баспа үйі.
- Мирзаев И.К., Михайличенко Б.С. (2016) Украин тилида туркизмлар. Хорижий филология. №2. 33-39 б.
- Паразбекова А.Т. (2014) Славян тілдеріндегі түркілік сөздерге талдау жасау. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1 (67). 102-105.
- Семенова Е.А. (2019) Роль и место тюркских заимствований в истории румынского языка. Серия: Гуманитарные науки 111-116.
- Ugurlu Mustafa (2015) Kelimelerde Oluşturma Yönü. 7. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu Bildirileri (Editörler Prof. Dr. Ahmet Buran, Prof. Dr. Ercan Alkaya, Yrd. Doç. Dr. Fatih Özek, Yrd. Doç. Dr. Süleyman Kaan Yalçın). 365-372.

References

- Avakova R.A. (2020) Kontaktologia: türki mädenitetiniñ älemdik örkenietke yqpaly [Contactology: The Impact of Turkish culture on World Civilization]. – Almaty: Qazaq universiteti baspasy. (in Kazakh)
- Baimanova L.S., Jumabekova Ş. D. (2017) İnostrannye zaimstvovaniya v leksike angliyskogo i nemetskogo yazykov (na materiale türskih leksicheskikh elementov) [Foreign borrowings in the vocabulary of English and German languages (on the material of Turkic lexical elements)]. // Gumanitarnyi nauchnyi vestnik. №4. p. 18-25. (in Russian)
- Bikinin İ.D. (1991) Türkizmy v angliyskom yazyke [Turkisms in English]. Vestnik Mordovskogo universiteta. № 4. (in Russian)

- Girfanova A. H. *Istochniki izucheniya türkskih zaimstvovani v albanskom iazyke* [Sources for the Study of Turkic Loanwords in the Albanian Language]. p. 37-50 (in Russian)
- Gatenby E.V. (1954) *Material for a study of Turkish Words in English*. A.Ü. Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi.
- Dilperipur A. (1995) *Türkçe-Farsça Ortak Kelimeler Sözlüğü* [Dictionary of Turkish-Persian Common Words], Ankara. (in Turkish)
- Dobrodomov İ.G. (1981) *İz istorii izucheniya türkizmov russkogo yazyka* [From the history of the study of Russian Turkisms]. Moskva: izdatelstvo "Nauka". (in Russian)
- İnayet, A. (2006) *Dogrudan ve Dolaylı olarak Çinceye Geçen Türkçe Kelimeler Üzerine* [Studies On Turkish Words Passing Directly Or Indirectly Into The Chinese]. *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies*, Cilt: VI, Sayı 1, p. 81-99. (in Turkish)
- Ergin, M. (2003) *Orhun Abideleri. Hisar Kültür Gönülleri*. [Orkhon Monuments. Hisar Cultural Volunteers.] (in Turkish)
- İslamova A.T. (2019) *Qazaq tılındaғы шетел сөздер: teoria және praktika* [Foreign words in the Kazakh language: theory and practice]. – Almaty: Polilingva baspasy. (in Kazakh)
- Kairjanov A. (2020) *Türkizmy v russkih ostrovnyh govorah i etnicheskie tamgi* [Turkisms in the Russian island dialects and ethnic tamgas]. ISSN 2664-5157. *Turkic Studies Journal*. Number 1. Volume 2. p. 41-52. (in Russian)
- Karaağaç G. (2008) *Türkçe verintiler sözlüğü* [Turkish data dictionary]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. (in Turkish)
- Kitmanova M.Z. (2014) *Orys tılındaғы türkizmderdñ leksika-semantikalıyq jaǵynan igerilıw* [Lexical-semantic acquisition of Turkicisms in Russian]. *QazĪU habarşysy. Filologiya seriasy. № 4-5*. p. 150-151. (in Kazakh)
- Qaidar, Ä. (2014) *Ğylymdaǵy ğūmyr: Qazaq tılı etimologiasynyñ ğylymi-teorialıyq negızderi* [Life in science: scientific and theoretical foundations of Kazakh language etymology]. – Almaty: Sardar baspa üii. (in Kazakh)
- Mirzaev İ.K., Mihailichenko B.S. (2016) *Ukrain tilida turkizmlar* [Turkicisms in Ukrainian]. *Horiji filologiya. №2*. p. 33-39. (in Tatar)
- Parazbekova A.T. (2014) *Slavān tilderindeǵı türkılık sözderge taldau jasau* [Analyzing Turkic words in Slavic languages]. *QazĪU habarşysy. Şyǵystanu seriasy. №1 (67)*. p. 102-105. (in Kazakh)
- Semenova E.A. (2019) *Röl i mesto türkskih zaimstvovani v istorii rumynskogo yazyka* [The role and place of Turkic borrowings in the history of the Romanian language]. *Seria: Gumanitarnye nauki* p. 111-116. (in Russian)
- Ugurlu Mustafa (2015) *Kelimelerde Oluşturma Yönü. 7. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu Bildirileri* [Formation Direction in Words. Proceedings of the 7th International World Language Turkish Symposium] (Editörler Prof. Dr. Ahmet Buran, Prof. Dr. Ercan Alkaya, Yrd. Doç. Dr. Fatih Özek, Yrd. Doç. Dr. Süleyman Kaan Yalçın). p. 365-372. (in Turkish)